



Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## АЙМАҚ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ ЖОЛЫНДА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Хабар 24» телеарнасындағы «Бетпе-бет» бағдарламасына сұхбат берді. Аймақ басшысы «Хабар» агентігі АҚ басқарма төрағасы Берік Уәлидің сұрақтарына жауап беріп, Сыр елінде атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады. Сұхбаттың алғашқы сұрағы 8 ай ішінде аймақты дамытуға нақты қандай қадамдар жасалғаны жөнінде болды.



Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Сыр еліне қолдауы негізінде 8 айда заманауи әлеуметтік нысандар салынып, жаңа жобалар жүзеге асқан. Аймақта экономиканың барлық көрсеткішінде оң динамикаға қол жеткізген.

– Қазіргі кезде өңірдің дамуы қарқынды сипат алып, барлық көрсеткіште оң динамика қалыптасты. Өндіріс өнеркәсібінде өнім өндірісі қазір 8,5 пайызға ұлғайды. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты өткен жылмен салыстырғанда 71 пайызға өсті. Оның 95 пайызын өңделген өнім құрайды. Соңғы жылдарда импорттаушы елдердің саны 17-ден 21-ге дейін көбейді. Жұмыс жасап тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 29,5 пайызға артты. Оларда жұмыспен қамтылған азаматтар саны 6,4 пайызға өсіп отыр. Кәсіпкерлікті жан-жақты қолдаудамыз. Биыл кәсіпкерлік саланы қолдауға әртүрлі көздерден 20 млрд теңгеге жуық қаржы қарастырылды. Оның шеңберінде 1300-ден аса жоба несиелендірілді. 3400-ден аса жобаға қайтарымсыз грант берілді. Гранттардың 40 пайызын жас кәсіпкерлердің жобаларын қолдауға арнап жатырмыз.

Халықтың әл-ауқатын көтеру – біздің стратегиялық негізгі мақсатымыз. Жұмыспен қамту бағытында Президенттің 10 мың тұрғынға 100 жұмыс орнын құру бойынша тапсырмасы 2 есеге орындалды. Дәлірек айтсақ, 205 пайызға орындалып отыр. Бүгінде 28 мыңнан астам жұмыс орны жаңадан құрылды. Оның ішінде 14 мыңнан астамы – тұрақты жұмыс орны, – деді облыс әкімі.

2 БЕТТЕ

2 БЕТТЕ

## ДАМУҒА ДЕМ БЕРЕТІН МІНДЕТТЕР БЕЛГІЛЕНДІ

Кеше Үкімет басшысы Әлихан Смайылов өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму барысымен танысып, өзекті проблемалық мәселелерді шешу және негізгі инфрақұрылымдық, өнеркәсіптік және әлеуметтік нысандарды аралау үшін жұмыс сапарымен Сыр өңіріне келді.



Әлихан Смайылов жалпы қуаты 197 мың тоннадан асатын «Orda Glass Ltd» шыны өндіру зауытының жұмысымен танысты. Кәсіпорын биылғы қазан айында «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу» ұлттық жобасы аясында іске қосылды. Мемлекеттік қолдау шаралары ретінде оған қажетті инженерлік инфрақұрылым (электр энергиясы, су, кәріз, газ, байланыс желісі), авто және темір жолдар жүргізілді. Қазіргі уақытта зауытта 370 адам жұмыс істейді. Өнім республиканың басқа өңірлеріне жіберіледі, экспортқа шығару жоспарда бар.

Премьер-Министр шыны зауытының іске қосылуы Қызылорда облысында ғана емес, бүкіл Қазақстан бойынша құрылыс индустриясының дамуына серпін беретінін атап өтті.

– Мұндай өндірістер құрылыс шығындарын және импортқа тәуелділікті айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді. Биыл өнеркәсіпте 160 жаңа жоба іске қосылды. Үкімет өз тарапынан осындай кәсіпорындарға барлық қажетті көмек рәсімдерін жалғастыруға дайын, – деді Әлихан Смайылов.

2 БЕТТЕ

## БӘРІНЕН БІРЛІК МАҢЫЗДЫ НЕМЕСЕ ЖЫЛДЫ ҚАЛАЙ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫҚ?



Жыл бойы атқарылған жұмысты саралап, алдағы жоспарларды нақтылау мақсатында облыстық қоғамдық даму басқармасы жылды қорытындылау шарасын өткізді. «Достық» үйінде өткен «Сыр қоғамы – руханият бесігі» атты қорытынды шараға облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов қатысты.

Салтанатты шара «Жастар» театры артистерінің қойылымымен басталды.

4 БЕТТЕ

Сыр өңіріне Оқу-ағарту вице-министрі Ғани Бейсембаев жұмыс сапарымен келді. Вице-министр «Достық» үйінде азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдап, ұсыныс-пікірлері мен арыз-шағымдарын тыңдады.



## МАҚСАТ – БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Содан кейін аймақ тұрғындарымен кездесті. Кездесуді облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов ашып, аймағымызда білім саласында ауқымды жұмыс жасалып жатқанын айтып өтті.

Вице-министр Ғани Бектайұлы соңғы уақытта оқу-ағарту саласында атқарылып жатқан жұмыстардың негізгі бағыттары және соңғы өзгерістер туралы баяндады. Ол Алаштың анасы атанған Сыр елінің тұрғындарымен кездескеніне қуанышты екенін айтып, негізгі мақсаты аймақ халқының ұсыныс-тілегін тыңдау екенін жеткізді.

– Білім саласы бір орнында тұрмайды, үнемі жаңаруды, жаңғыртуды қажет етеді. Елімізде 6 млн астам бала тәрбиесіне, білім алуына үлкен жауапкершілікпен қарап, жұмыстар жасалуда. «Педагог мәртебесі» заңы қабылданғаннан кейін көптеген мәселе шешімін тапты. Атап

айтсақ, 3 жыл ішінде мұғалімдер жалақысы үш есеге өсті. 2020 жылдан бастап мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне біліктілік санаттары үшін 30 пайыздан 50 пайызға дейінгі қосымша ақы төленуде. 2023 жылдың қаңтарынан бастап тағы да мұғалімдердің айлығына 25 пайыздық үстеме қосылатын болады. Сондай-ақ колледж басшылары мен олардың орынбасарларының басқарушылық шеберлігі үшін де лауазымды жалақысына 100 пайыз көтермелеу де қолға алынған. Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасына сәйкес, педагогтар мен тәрбиешілердің жұмыс жүктемесін азайту үшін нақты шаралар қабылдануда. Оған бөлек тәрбиешілердің айлығын көтеру де қазіргі таңда қарастырылып жатыр, – деді Ғани Бектайұлы.

3 БЕТТЕ

## АҚСУАТҚА ГАЗ БЕРІЛЕДІ

Қала әкімі Асылбек Шәменовтің төрағалығымен аппарат мәжілісі өтті. Оған орынбасарлары мен бөлім басшылары, ауылдық округ әкімдері, БАҚ өкілдері қатысты.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша Ақсуат ауылдық округінің әкімі Мәмбетәлі Ақмыраев баяндама жасап атқарылған жұмыс барысына тоқтады.



Аппарат мәжілісіндегі екінші мәселе, яғни орындаушылық тәртіп туралы қала әкімі аппаратының басшысы Берлібек Ахмет тарқатып айтып берді.

2 БЕТТЕ

## СЫР ТӨРІНДЕГІ ДҮБІРЛІ АЙТЫС

Айтыс – өнер, айтыс бәйге аламан, Түйдек-түйдек сөз төгетін саналан. Сәйгүлдіктей суырылар сол бір сәт, Қаусырма жақ, найза тілді, дана адам. Иә, айтыс аламында аузымен күс тістеген жыр жүйріктері Сыр төрінде бас қосты

Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық академиялық драма театрында әлемге әйгілі жазушы, қазақ әдебиетінің классигі, Абайтану ғылымының негізін салушы Мұхтар Әуезовтің 125 жылдық мерейтойына орай «Сөздің кені, ойдың кемелі» атты республикалық ақындар айтысы өтті.

4 БЕТТЕ



Бақыт ҚАЙШЫБЕКОВ, Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы, экономикалық тергеу қызметінің полковнигі:

**«Біз өте құпия немесе ашықтыққа қарсы орган емеспіз»**

3 БЕТТЕ





